

Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округінің шекарасын өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 322 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихаттың 2011 жылғы 7 желтоқсандағы N 41-8 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 қаңтарда N 1803 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11 бабының 2) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сарыкемер ауылдық округінің әкімшілік шекарасына «Үшбұлақ» өндірістік кооперативінің аумағында орналасқан мемлекеттік жер қорынан жалпы көлемі 84,79 гектар жер қосылып Байзақ ауданының Сарыкемер ауылдық округінің шекарасы **ө з г е р т і л с і н .**

2. Осы нормативтік құқықтық акт Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен **с оң** қолданысқа **енгізіледі.**

Облыс Әкімі Облыстық мәслихат сессиясының
Қ. *Б О З Ы М Б А Е В* төрағасы
А. Майлыбаев

Облыстық мәслихат
Х а т ш ы с ы

Ә. ӘСІЛБЕКОВ